

Ел жаңалықтары

Үкімет

МУНАЙ ҚҰБЫРЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Премьер-министр Даниал Ахметов Қытайдың ұлттық «CN-PC» мұнай-газ корпорациясының өкілдерімен кездесті. Бұл басқосуда Батыс Қазақстан – Қытай мұнай құбыры құрылысы мәселесі талқыланды. Құрылыс жұмысы екі кезеңнен тұрады деп жоспарлануда. Біріншісі – таяу уақыттағы сегіз жылда Атасу-Алашақай, екіншісі - 2035 жылға дейін Атасу, Құмкөл және Кеңқияқ жобасы.

Қазақстан және Қытай үкіметі «Жоба экологиялық жағынан қауіпсіз және екі жаққа да тиімді» деп есептейді. Келіссөз бен дайындық жұмыстарына таяу уақытта нүкте қойылады.

ЕЛІМІЗДЕГІ ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕННІҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ?

Кеше Мәжіліс төрағасының орынбасары Мұхамбет Көпеевтің жетекшілігімен өткен кезекті Үкімет сағатында ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Школьник «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың жай-күйі мен келешегі» деген тақырыпта баяндама жасады.

Ол аталған саланың келешектегі жоспарлары жайлы тоқталып өтті. Сондай-ақ жанар-жағармай мәселесін сөз еткен кезде министр үстіміздегі жылы 9 млн. тонна мұнай өткізілетінін хабарлады. Дизель отынына ішкі сұраныс 2,6 млн. тоннаны құраса, биыл 2,7 миллион тонна дизель отынын өңдеп шығару жоспарланған. Мазутқа ел сұранысы 2,1 миллион тонна болса, оны өңдеу 3,15 миллион тоннаға жетеді. Қазақстанның өз ішінде жанармай тапшылығын болдырмау мақсатында Үкімет үстіміздегі жылы ақпанның 23-інде арнайы қаулы қабылдап, наурыздың 1-інен маусымның 1-іне дейін республика территориясынан дизель отынын тысқары шығаруға тыйым салған болатын.

Министр депутаттардың көптеген сұрақтарына жауап беру барысында бірқатар мәселелерді қамтып өтті.

Мәжіліс аппаратының баспасөз қызметі

ТӨРТІП САҚШЫЛАРЫ ТЕРЛЕП ЖҮР

Алматы облысында аттестациядан өту – тәртіп сақшыларына оңайға соқпауда. Ішкі істер бас басқармасының кейбір өткенді басшылары алыс қашықтыққа жүгіре алмай, белтемірге тартыла алмай ақ тер, көк терге түссе, 452 жергілікті инспектордың дені Қазақстан Республикасының заңда-



Академик Кенжеғали САҒАДИЕВ:

«БІЗДІҢ ҒАЛЫМДАР МИЛЛИОНДЕР БОЛА АЛМАЙДЫ»

академиясының президенті болып жүрген кезімде ғалымдарды сонда алып бардым. «Мынаның бәрі қазақстандық ғалымдардың жасағандары, жарайды, біз акша сұрамай-ақ қояйық, ең болмаса, алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымызға қаржы бөлініздер» дедік.

Үкімет те, өндіріс орындарының шетелдік қожайындары да үнсіз қалды. Шет елдегі ғалымдар мұндай технологиясы үшін өмірбойы оның жемісін жеп, миллионер болар еді. Біз де ол болмай отыр.

– Ғылымға деген мұндай көзқараспен инновациялық стратегияны жүзеге асыру мүмкін деп ойлайсыз ба?

– Жаңа технология қазір бізде аз. Олардың көбі шет елде жұмыс істеп жатыр. Ал ендігі жағдайда өңдеуші саланы дамыту үшін шет елден технология, жабдық сатып алу керек. Оны ала беруге көптеген өндірістер мен кәсіпкерлерде қаржы тапшы. Сонда не істеу керек? Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияның өндірісі тоқтап қалды. Үкімет Америкадан қымбат тұратын соңғы үлгідегі технологияны сатып алып, өндіріс орындарына арзан бағаға берді. Соның нәтижесінде олар алдыңғы қатарлы өндіріске ие болды. Бұл – өндірісшілерді қолдау, өз еліне демеу жасаудың бір жолы. Инновациялық стратегиядан біздің ел де осындай нақты шараларды күтеді. Бізде де алғашқы шаралар жасалуда. Жаңа технологиямен салынатын зауыттар болса, оларға бес жылға дейін салық мәселесінде жеңілдік қарастырылады деген ой бар. Осылай-осылай бір жүйеге түсетін шығармыз деген үміт бар. Олай болмаса, стратегияның жүзеге асуы екіталай.

– Ғылыми жаңалық ашу үшін ғалым жергілікті рынокқа сол технологиясы керек пе, жоқ па, алдымен соны зерттеп алу керек. Ал біздің ғалымдарымыз елімізде өндірілмейтін өнімдер үшін технология ие болмаса, жоба жасап, ол неге енгізілмейді деп шүбәлдеген пікірлер бар...

– Жалпы, ғалым ғылымға керекті нәрсені зерттейді. Өндіріс сол ғылыми жаңалықтарға

қарай жұмыс істеуі керек. Баяғыда ядроны, атомның құрылымын ашқанда оны өндіріске деп ашқан жоқ қой. Физиканың заңдарын тану үшін ғана жасады. «Бұдан бомба жасауға болады екен, энергия алуға болады» деген технология содан кейін барып қана дүниеге келді. Сондықтан ғалымды кінәлауға болмайды. Әрине, бос, жылдан-жылға қайталана беретін тақырыптарды шиырлап жүргендер де баршылық. Бұл – ғалымның кінәсі. Ал енді ғылыми жаңалықты өндіріске енгізу дәрежесіне жеткізетін тәжірибе-конструкторлық бюро, демеу жасайтын азаматтар, мекемелер көп болуы керек. Біздегі ондай мекемелердің бәрі тарап кеткен. Қайта құра аламыз ба, жоқ па, ол белгісіз. Оның басты себебі, бізде жылына бөлінетін қаржы бюджеттің 0,3 пайызы ғана. Ғылым, егер бюджеттік қаржыдан 3 пайыздан кем алса, дамымайды. Бұл – дүниежүзілік заңдылық. Үлкен кедергінің бірі болып отыр. Бәсекелік қабілетті дамыту дегеніміз – барлық мәселені де ғылыми тұрғыда дамыта отырып өркендету. Сонда ғана ол артады.

– Қабылданып жатқан әр түрлі мәселелерге байланысты жоспарлардың орындалуына көңіліңіз тола ма? «Оңтүстік Азия жолбарыстары» деп есептелетін мемлекеттер тәжірибесіне еліктеу қандай нәтиже береді деп ойлайсыз?

– 90 жылдардың басында қандай едік, қазір қандай дәрежеге жеттік. Осының бәрі – сол белгіленген жоспарлардың, алға қойған мақсаттардың орындалғанының белгісі. Ал енді қазір ауыл шаруашылығының өзіне 65-тен 70 миллиардтай теңге қаржы бөлініп отыр. Былтыр 50 миллиард берді. Келесі жылы одан да көбеймек. Үш жылға жасалған бағдарлама жақсы орындалып келеді. Бұл көп пе, аз ба деген сауал туса, әрине, аз деймін. Бірақ мемлекеттің мүмкіншілігі де жылдан-жылға артып келеді ғой. Осылай әрбір саланы дамытып келеміз. Шығыс жолбарысы болатынымызға мен сенімдімін. Оларға еш еліктеусіз-ақ, өз жолымызбен өркендеп дамытынымызға күмән жоқ.

Алма МҰХАМЕДЖАНОВА

– Кенжеғали Әбенұлы, еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кіргелі отыр. «Бәсекенің көкесін сонда көреміз» деп іштей қобалжитын секілдіміз. Жалпы, экономикалық тұрғыда сол бәсекеге дайынбыз ба?

– Дүниежүзілік сауда ұйымында қазір 148 мемлекет бар. Бұл – бүкіл әлем елдерінің 80 пайызын құрайды деген сөз. Дүниежүзілік сауданы үйлестіретін бұл ұйымнан біз де тыс қала алмаймыз. Қазір Қазақстан дүниежүзінің 135 мемлекетімен сауда-саттық жасап жүр. Олардың көбі – осы ұйымға мүше. Сондықтан жалпы халықаралық деңгейде мойындалған төртіппен, заңдармен сауда жасау еліміз үшін тиімді болады. Бұл – бір. Екіншіден, әрине, ішкі экономикада бәсеке көбейеді. Басқа елдердің тауарлары, технологиялары, жабдықтары, т.б. өнімдер шектелмей, көбірек келіп жатады. Бәсекені көтере алмайтын кәсіпорындар жабылады. Көбінің жабылғанын менің өзім де қалар едім. Ешқандай жаңалығы жоқ, экономикалық тиімділігі жоқ, саны бар да, сапасы жоқ өндірістің не керегі бар? Мұны біз санация дейміз. «Экономикалық санация дегеніміз, оны керексіз, пайдасыз кәсіпорындардан арылту» деген ұғымды білдіреді. Ал енді кейбір кәсіпорындар бәсекеге түскеннен кейін ширай бастайды. Бәсекенің ең кереметі, бірінші – бағасында, екінші – сапасында. Келешекті түсінгендер сапаны да, бағанын халықаралық деңгейден артық кетпейтіндей жағдайды да ойластыра бастайды. – Өңдеуші салалар мен ғылым арасындағы

байланысты жоқтың қасы деуге болады. Сырттан тасығанша, өз ғылымымыздың жетістіктерін өндіріске енгізу шетелдік технологиямен бәсекені жандандыруға, ішкі ғылыми жетістіктерді дамытуға жол ашпай ма? Бізде керісінше, ғалымдарымыз ойлап тапқан жаңалық шет елде күшак жая қарсы алынып, өзіміздегі есіктердің тарс жабылатыны несі?

– Өндірістеріміздің жаңа технологияға, жабдыққа әлі күнге дейін онша ынтасы жоқ. Оларды соған ынталандыратындай ережелер жасауымыз керек. Мен бір ғана тетігін айтайын, технология мен жабдықтың амортизациялық мерзімі, яғни оның белгілі бір уақытқа дейін жұмыс істей алатын мерзімі бітуге тақаған кезде жанарту тетігі. Осы амортизациялық саясат бізде жұмыс істеп тұрған жоқ. Мысалы, көлігіңіздің амортизациялық мерзімі бес жыл болса, уақыт таяған кезде жаңа көлік алуды ойластыра бастайсыз ғой. Өндірісте де солай болуы керек. Технологиясы ескірген зауыт басшысы соңғы ғылыми жаңалықтарға жүгініп, кімнің қандай ұсынысы бар екендігін зерттей бастауы тиіс. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс осыдан туындайды. Екінші, ғылыми ізденістің негізінде техника жасалатын өндірістерге жеңілдік жасалмаған. Үшінші, ғалымдарымыз өздері жасаған технологияларымен жұмыс істеп жатқан өндіріс орындарынан бір тиын ала алмайды. Павлодар мұнай өңдеу зауытының бүкіл технологиясын жасаған – біздің ғалымдар, Қармет комбинатта да жұмыс істеп тұрған – біздің технологиялар. Ұлттық Ғылым